

Н.А. Абдурахманов<sup>1\*</sup>, А.Ә. Якуб<sup>2</sup>, А.Т. Кадирғалиева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>т.ғ.к., Шымкент университеті<sup>1</sup>  
<sup>2</sup>аға оқытушы, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ<sup>2</sup>  
<sup>3</sup>аға оқытушы, Шымкент университеті<sup>3</sup>  
Шымкент қ., Қазақстан  
E-mail: nurmuhameda@mail.ru

## ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАСЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

### Аңдатпа

Мақалада алыс-жақын шет елдердегі қазақ диаспорасының дәстүрлі музыкасының ұлттық өнерінің сақталу деңгейі, дамуы мен дағдарысқа түсуі, атажұрттан алыстағы қандастардың ұлттық рухын сақтау жолдары сараланып, дәстүрлі өнеріміздің келешегі мейлінше зерттеп-зерделеніледі. Шынтуайтында еліміз өзінің тәуелсіздігін нығайта түсумен қатар, алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорасына ерекше көңіл бөле бастады. Кезінде қазақ жерінен әр түрлі себептермен басқа аумақтарға ауа көшкен қандастарымыздың тарихы қай-қайсысымызды да ойландырмай қоймайды. Өйткені, олар сол бөтен елде жүріп-ақ өзінің ұлттық болмысын, тарихи жадын, негізгі құндылықтарын, әсіресе ұлттық музыкасын сақтап қалуға күшін сарқа жұмсап келеді.

Әсіресе авторлар көршілес Өзбекстан мен Қырғызстандағы, Түрікменстандағы отандастардың рухани әлеуетіне баса мән бере отырып, Қытай мен Моңғолия, Иран қазақтарының дәстүрлі музыкасын да назардан тыс қалдырмауға тырысады.

**Кілт сөздер:** Рухани жаңғыру, шетелдегі қазақ диаспорасы, дәстүрлі музыка, ұлттық өнер, қандастар, мәдени мұра, музыкалық аспаптар, домбыра.

Абдурахманов Н.А. <sup>1\*</sup>, Якуб А.Ә. <sup>2</sup>, Кадирғалиева А.Т. <sup>3</sup>  
<sup>1</sup>к.и.н., Шымкентский университет<sup>1</sup>  
<sup>2</sup>старший преподаватель, МКТУ им. Х.А. Ясауи<sup>2</sup>  
<sup>3</sup>старший преподаватель, Шымкентский университет<sup>3</sup>  
г. Шымкент, Казахстан  
E-mail: nurmuhameda@mail.ru

## ПРОБЛЕМЫ СОХРАНЕНИЯ ТРАДИЦИОННОЙ МУЗЫКИ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРОЙ ЗА РУБЕЖОМ

### Аннотация

В статье рассматривается уровень сохранения, развития и кризисного состояния традиционной музыки, национального искусства казахской диаспоры в странах ближнего и дальнего зарубежья. Также будут проанализированы пути сохранения национального духа далеких от отчизны соотечественников и изучены перспективы казахского традиционного искусства за рубежом.

Наряду с укреплением своей независимости наша страна стала уделять особое внимание казахской диаспоре в странах ближнего и дальнего зарубежья. История наших соотечественников, которые в свое время по разным причинам переехали с казахской земли на другие территории, не может не волновать ни одного из нас. Ведь они, находясь в этой чужой стране, прилагают все усилия, чтобы сохранить свою национальную идентичность, историческую память, основные ценности, особенно национальную музыку.

Особенно авторы стараются уделить особое внимание духовному потенциалу соотечественников в соседних Узбекистане, Кыргызстане, Туркменистане и не оставлять без внимания традиционную музыку казахов Китая, Монголии, Ирана.

**Ключевые слова:** Рухани жаңғыру, казахская диаспора за рубежом, традиционная музыка, национальное искусство, қандастар, культурное наследие, музыкальные инструменты, домбра.

N.A. Abdurakhmanov\*<sup>1</sup>, A.A. Yakub<sup>2</sup>, A.T. Kalirgalieva<sup>3</sup>  
<sup>1</sup>*candidate of Historical Sciences, Shymkent University;*  
<sup>2</sup>*senior lecturer,*  
<sup>3</sup>*H.A. Yasawi IKTU senior lecturer, Shymkent University<sup>3</sup>*  
*Shymkent, Kazakhstan*  
*E-mail: nurmuhameda@mail.ru*

## PROBLEMS OF PRESERVATION OF TRADITIONAL MUSIC BY THE KAZAKH DIASPORA ABROAD

### *Abstract*

The article examines the level of preservation, development and crisis state of traditional music, national art of the kazakh diaspora in the countries of the near and far abroad. The ways of preserving the national spirit of compatriots far from the motherland will also be analyzed and the prospects of kazakh traditional art abroad will be studied.

Along with strengthening its independence, our country began to pay special attention to the Kazakh diaspora in the countries of the near and far abroad. The history of our compatriots, who at one time, for various reasons, moved from the Kazakh land to other territories, cannot but worry none of us. After all, being in this foreign country, they make every effort to preserve their national identity, historical memory, basic values, especially national music.

Especially the authors try to pay special attention to the spiritual potential of compatriots in neighboring Uzbekistan, Kyrgyzstan, Turkmenistan and not to ignore the traditional music of the Kazakhs of China, Mongolia, Iran.

**Keywords:** *Rukhani zhangyru, Kazakh diaspora abroad, traditional music, national art, kandastar, cultural heritage, musical instruments, dombra.*

Тәуелсіздік - барша отандастарымыз үшін ғана емес, шетелдегі қандас бауырларымыз үшін де ең қастерлі ұғым. Ал «Тәуелсіздік дәуірі» делінетін табысты 30 жылда шетелдегі қазақтардан өз атажұртына 1 млн. 76,01 мың қандасымыз оралды. Мұның барлығы да Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың шетелдегі қандастарымызды елге көшіру турасындағы 1991 жылғы 18 қарашадағы қаулысынан бастау алып, бүгінгі күнде бұл ұлы көш «Нұрлы көшке» ұласып, отанына оралғандардың дені ұлт мүддесіне қызмет етуде. Демек, жаһандық сын-қатерлерден ұлттық болмысымызды сақтап қалуда, бәсекеге қабілетті ұлт болуға ұмтылуда шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің де қосқан үлесі қомақты. Атажұртқа оралу үрдісінің Ел Президенті Қ.Ж. Тоқаев басқарған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұсында да өз жалғасын таба беретіні сөзсіз.

Ал осыдан он жыл бұрынғы ресми мәліметтердің өзінде Өзбекстанда 2 миллион 500 мың, Қытайда 2 миллион 250 мың, Моңғолияда 120 мыңнан аса отандасымыздың ғұмыр кешіп жатқандығы жазылған болатын [1]. Бұл деректің мұнан кейінгі жылдарда біршама жаңарғаны да айқын. Өйткені көршілес елдегі қандастар санының әлдеқашан-ақ 2 миллионнан асып кеткенін Ә.Нысанбаев секілді бірқатар ғалымдар бұрыннан-ақ айтып келеді [2].

Жалпы алғанда, бүгінгі таңда Өзбекстан қазақтарының ұлттық музыкасы, дәстүрлі өнері мейлінше сақталып, дамып келеді деп айта алмаймыз. Өйткені жыл санап қазақ мектептерінің қатары кеміп, ұлттық саз өнерін ұлықтаушылар да азайып барады. Яғни бұл елде өзге ұлт өкілдерін өзбектендіру үдерісі тоқтаусыз жүруде деп айтуға толық негіз бар. Шындығында халқымыздың маңдайына біткен марғасқалары - Төле би Әлібекұлы, Жалаңтөс баһадүр, Әйтеке би Байбекұлы, Сырым Датұлы, т.б. осы аймақта жерленгенімен, кейінгі толқын көбіне-көп осындай тұлғалардың ғибратты ғұмырынан бейхабар, олар турасындағы терме-дастандардың да насихаты кемшін. Халық әндерін дәріптеу де қаперден шыққан. Себебі ана тіліндегі мерзімді басылымға жазылуға шектеу қойылып, теледидарда берілетін Қазақстан хабарлары біртіндеп экраннан шет қалып жатыр. Білім беру ісіндегі қиындықтар да шаш етекпен. Қазақ тіліндегі оқулықтар мүлдем жетіспейді. Демек, «Саз өнері» пәні оқулығы туралы сөз қозғаудың өзі артық. Ия, шыны керек, Тәуелсіздік дәуірінде елімізде «Қазақтың 1000 әні» секілді ірі жобалар қолға алынып, бұл сүбелі жинаққа елімізден бөлек Моңғолия, Қытай, Ресей, Өзбекстан жерінде тұратын қандастардың ғұрыптық әндері енгізілген болатын. Бірақ шеттегі қазақтың ұлттық музыкасын қорғауға, өз деңгейінде дәріптеп сақтауға теңізге қосылған тамшы секілді мұндай шаралармен ғана септесу аздық етеді.

Бүгінде Өзбекстан қазақтарының бірден-бір әрі жалғыз басылымы санатында жүрген, небәрі 4000 данамен оқырманға жол тартып жүрген «Нұрлы жол» газетінің де болашағы бұлдыр. Еліміздің аудандық газеттері деңгейінен аса алмай отырған басылымның Өзбекстандағы қазақ диаспорасының ұлттық музыка өнерін насихаттауға сүбелі үлес қосып отыр деп те айта алмайтын сияқтымыз. Осынау ақпараттық шектеулер қандастарымызды бізден алыстата түсіп, сол жергілікті елдің мәдениетін қабылдауға бейімдеуде. Яғни мәдени экспансия белең алған тұста біз де қамсыз қалмай, отандастарымыздың ұлттық құндылықтарынан қол үзіп қалмауын ұдайы қадағалауымыз керек-ақ.

Ал Түркіменстандағы қазақтар негізінен сол елдің 5 уаллаятында (облыс) шашыраңқы түрде қоныстанған. Олар, әсіресе, Қазақстанмен шекаралас Балқанда, Қарақалпақстанмен шекаралас Дашоғұзда, Марыйда, Ашхабадта, Ләбапта орналасқан. Түркіменстанға ауа көшкен қазақтардың тереңнен тартқан өзіндік тарихы бар. Мәселен, Түркіменстанның Красноводскідегі қазақтары өздерінің бұл аймақты ежелден түркімендермен қатар мекендегенін айтады.

Тарқатыңқырай айтқанда, Түркіменстандағы қазақтардың бір бөлігі түркімендермен қатар ертеден-ақ сол жерді мекендеген болса, ендігі бір тобы басқа да тарихи оқиғалармен немесе жұмыс көзін іздеп барғандарды құрайды. Кейбір деректерде 1928-1930 жылдары елімізде болған отырықшылықтан, қуғын-сүргіннен Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарынан бассауғалап барғандар болатын деп көрсетіледі.

Түркіменстан қазақтарының тұрақты қоныстары көбінесе құмда және құдық маңайында орын тепті. Мұндағы қазақ қоныстары ата тектік негізіне қарай көше не ауыл болып жайғасты. Осындай үрдіс көбіне-көп жер иелігіне қарай сақталды десек те, қазақтар жергілікті халықтармен етене араласып кетті. Солардың ыңғайына қарай ығысты. Түркіменстанның көшпелі аудандарында қазақтар түркімендер сияқты ру белгілеріне қарай бөлініп отырды. Бірақ бұл ауылдар аса үлкен болмайтын. Түркіменстандағы қазақ ауылдары шаруа қожалықтары негізінде біріктірілді.

Түркімен қазақтарының киім кию үрдісі басқа Орта Азия халықтары сияқты көкірек тұсына дейін жабылып, ұзындығы тобыққа дейін жететін гүлді матадан тігілетін болып келген. Сонымен бірге, беліне белбеу байлап алатын болған. Яғни, Түркіменстан қазақтары Өзбекстандағы қазақтар секілді сыртқы киімнің белін 2-3 метрден тұратын ақ не бөз белбеумен буған. Ал, қазақ арасында кең тараған кимешек Солтүстік Түркіменстан қазақтарының әйелдерінде көп кездесе бермейтін. Олардың бас киімі жаулық түрінде келетін. Жаулықтың өзі ақ матадан басты айналдыра шалма сияқты оралатын.

Осы жаулықты түркімен қазақтары тек сыртқа шыққанда тағып, үйде жүргенінде орамал тартатын еді. Ал қыздар гүлді не қызыл түсті орамал байлап алатын. Орта жастағы әйелдер кимешек сияқты ақ орамал тартса, тұрмысқа шықпаған қыздар сәукеле киетін болған Түркімен қазақтарының сәукелесінің ерекшелігі оның сәукелеге жалғанған торы болғандығында еді. Ол тор артынан ұзыннан-ұзын түсіріліп, беліне дейін жететін болған. Түркімен әйелдеріне қарағанда қазақ әйелдері көбіне ақ түсті киім киетін. Ташауыздағы қазақтардың киім кию үрдісі өзбектердікінен айнымайтын болған. Аталмыш мысалдарға қарай отырып, қандастарымыздың біразы өздерінің ұлттық дәстүрлі киімдерін жақсы сақтап отырғанын көреміз. Солтүстік Түркіменстандағы қазақ әйелдерінің киімі Қарақалпақстанды мекендейтін қазақтардың киімінің аналогиясы деуге болады [3].

Ал осы елдегі ұлттық музыка өнерінің сақталу деңгейі қандай? Біздіңше, бұл сауалға да біржақты жауап беру қиын. Мәселен, Түркімен қазақтарында баланы қырқынан шығаруды «шаш той» деп атаған. Қысқасы, баланың туылуынан оның ержетуіне дейінгі аралықта олар барлық салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерді, ырым-тыйымдар мен әдет-ғұрыптарды қолданып баққан. Демек, бесік жыры, тұсау кесу, терме, айтыс өнері, дәстүрлі ән мен күй ел арасында, жергілікті жерде әлі де сақталып, жиын-тойда айтылып-ақ келеді. Алайда сол мемлекет тарапынан ұлттық музыкамызды насихаттауға, күйлерімізге эфирлерден арнайы уақыт бөлуге назар аударылған емес. Осы түйінді мәселе де ұлттық өнер жанашырларын, ұлттық музыка мамандарын алаңдатуы тиіс.

Анығы сол, өзіндік дәстүрлі мәдениетін сақтаған Түркіменстан қазақтары өздерінің тарихи отанындағы қандастарымен тығыз байланыста екендігі айдан анық. Басқаша айтқанда, олар Орта Азияның әр түрлі халықтары сияқты ататектік негізін сақтай отырып, ұлттық немесе отбасылық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, атадан балаға мирас болған дәстүрлі музыкасын кейінгі ұрпаққа аманаттап келеді. Өзінің қазақ екендігін ұмытпастан, өсіріп отырған ұл мен қызына тарихи-мәдени, әдеби-рухани құндылықтарды дәріптеуге, одан тағылым алуға шақыруда. Қалай дегенмен де біз бұл Түркіменстандағы қандастарымызды да елге қайтаруға мүмкіндік жасауымыз керек. Олардың тарихи отанымыздың ұлттық болмысын одан әрі әйгілеуге, оның халқының өсуіне, бай құндылықтарын жандандыруға һәм жаңғыртуға ықпалын тигізери сөзсіз.

Шынтуайтында еліміз өзінің тәуелсіздігін нығайта түсумен қатар, алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорасына ерекше көңіл бөле бастады. Кезінде қазақ жерінен әр түрлі себептермен қазіргі Қырғызстан аумағына ауа көшкен қандастарымыздың тарихы қай-қайсысымызды да ойландырмай қоймайды. Өйткені, олар сол бөтен елде жүріп-ақ өзінің ұлттық болмысын, тарихи жадын, негізгі құндылықтарын, әсіресе ұлттық музыкасын сақтап қалуға күшін сарқа жұмсап келеді.

Қазіргі Қырғызстан аумағындағы Токмақ уезіне қарайтын бес болыста қазақтар тұрды. Оның жер аумағы 23000 шаршы метрді құрайды. Алайда 1871 жылы ол Верный уезіне қараса, 1896 жылы қайтадан Пішпектің иелігіне өтті [4].

Осы тұста Қырғызстандағы қазақ диаспорасының тарихына байланысты еңбектер там-тұмдап қана кездесетінін айтқан жөн. Сондықтан да мұнадғы қазақ диаспорасы туралы мәліметтерді оңды-солды пайдалана алмайтынымыз белгілі.

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Орта Азия республикаларын этникалық-аумақтық межелеу нәтижесінде қазақ пен қырғыздың арасында едәуір келіспеушіліктер орын алды. Ол Сусамыр, Қарқара, т.б. жайлауларға байланысты өрбіген болатын. Дегенмен, бұл жерлер ел аумағынан тысқары болуы себепті Қырғызстанның иелігіне өтті. Ал енді қазіргі кезеңдегі Қырғызстандағы қазақтардың мейлінше көп шоғырланған елді-мекендері Аламедин, Сокулык аудандарындағы Манас, Приозерное, Алтыбарак т.б. елді-мекендері мен Бішкек қаласы, Токмақ, Талас, Шу өңірлері сондай-ақ Тянь-Шань, Ыстықкөлде де аздап кездеседі.

Бүгінде Қырғызстан аумағында 100-200 адамнан тұратын қазақ қоныстары көптеп ұшырасады. Олардың 300 адамнан кем түспейтін қырғыз елді-мекендері 56%, 100 адамнан кемі 16%, 100-500 адамнан тұратын қонысы 55%-і құрайды, әрі ірі селолар өте аз.

Қырғызстандағы қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы мен материалдық мәдениеті, оның ішінде дәстүрлі музыкасы да оңтүстік қазақтарының тұрмыс-тіршілігі мен рухани мәдениетімен ұқсас келеді. Мәселен, XX ғасырдың 70 жылдарында дейін Қырғызстан қазақтары еліміздегі қазақтар секілді кимешек киетін болған. Кимешекті қырғыздар «элечек» деп атаған [5]. Былайша айтқанда, бұл аймақ қазақтарының халық әндері біздің оңтүстік әуендерімен мәнзелдес.

Қызықты бір мәліметті келтіре кетсек, қырғыздар көбінесе қазақ қыздарына үйленуді дұрыс көреді екен. Қалай болғанда да бұл қырғыздар қазақтардың қан тазалығы жағынан тектілігіне маңыз беретін сияқты. Өкінішті жағдайлардың келесі бір түйіткілі - Қырғызстандағы қандастарымыз жергілікті қырғыз халқының салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен, жөн-жоралғыларымен етене қабысып, ерекше кірігіп кеткен. Тегінде қазақтар Орта Азия халықтарының ішінде қырғыздардың ұлттық дәстүрлерінің базыбір элементтерін түгелге жуық қабылдап алуға дейін барғанын көруге болады. Осыдан барып ондағы қандастарымыздың ұлттық мұрасынан алыстап бара жатқанын, бірқатарына туған ана тілінен қол үзгенін байқауға болады. Оның негізгі себептерінің бірі – қазақтар тұратын аудандарда қазақ орта мектептері мен балалар мекемелері жоқ деуге болады, қазақ тілінде теле және радиобағдарламалар таратылмайды. Сондықтан да мұндағы қазақтардың басым көпшілігі қырғызша не өзбекше білім алуға мәжбүр. Оның үстіне Қырғызстандағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы көңіл қуантпайды. Десек те қырғыздардың арасында қандастарымыздың сол қырғыз елінің білім беру үдерісіне сүбелі үлес қосып жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Кейбір статистикалық мәліметтерге жүгінсек, қазақтардың ішінде 47 ғылым кандидаты, 8 ғылым докторы бар екен. Осыдан-ақ мұндағы қандастарымыз арасында да ұлттық музыка өнерінің насихаты кемшін түсіп жатқанын аңғару қиын емес.

Жалпы шетелдегі қандастар ішінде ұлттық өнер, халық әндері мен күйлердің әлі де болса Қытай мен Моңғолиядағы, Ирандағы қазақтар арасында жақсы сақталып, насихатталып отырғанын айтуға тиіспіз.

Анығы да, қуанарлығы да сол – Моңғолия қазақтары басқа диаспора өкілдеріне қарағанда өзінің тілдік қуаты мен рухани-мәдени құндылықтарын қызғыштай қорып, баз қалпында сақтауға ұмытылды. Дәстүрлі музыкаға да көзқарас оң. 1940 жылы мәдени мұраларға деген оң көзқарастардың жаңа кезеңі қалыптасуының әсерінен 1942 жылы Баян-Өлгей ақын-жазушыларының тұңғыш жыр жинағы «Өлеңдер» деген атпен басылса, артынан Арғынбай Жұмажанұлының алғашқы жинағы «Тақпақтар» деген атпен 1949 жылы Уланбатор қаласында баспа бетін көрді. Ал 1955 жылы Баян-Өлгей аймағында Моңғолия жазушылар одағының қазақ бөлімшесі ашылып, Б.Ақтан, М.Құрманхан, Б.Имашхан, Ж.Кәкей қатарлы танымал ақын-жазушылардың бір шоғыры әдебиет әлемінің биігіне көтерілді.

Сондай-ақ 1956 жылы Моңғолияда қазақ музыкалық драма театры ашылса, кейіннен ұлт-аспаптар оркестрі де құрылды. Аймақтағы қазақ театрының мамандары бәрі дерлік Қазақстанда дайындалды. 1956-1991 жылдары қазақ-театрында қойылған қойылымдар – М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек», Ғ.Мүсіреповтің

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты» мен Ч.Лодайдамбаның «Аялы саусақтар», М.Құрманханның «Тұлба көл шайқасы» сияқты драмалық шығармалары болды.

1960 жылы Уланбаторда өткен Баян-Өлгей қазақтарының өнері мен мәдениетінің он күндігінде Ж.Қабатдолдаға Моңғолияның «Халық әртісі», А.Бабиұлына «Өнер қайраткері», Д.Құсайын, Б.Қайжамал, Т.Дүйсенбіге «Еңбегі сіңірген әртіс» атақтары берілді. Бүгінгі таңға дейін Моңғолияда қазақ әндеріне қатысты диссертациялық еңбек те қорғалып үлгерсе, Қытай қазақтары күйлерінің де 10-ға тарта жинағы өз оқырманымен қауышып үлгерді. Одан бөлек атажұрттан жырақта жүрсе де, 120-дан астам домбыра және сыбызғы күйлерін нотаға түсіріп, 350-ге тарта қазақ халық әндерін ыждағаттылықпен жинап, аса бай құнды мұраның баспа бетін көруіне мұрындық болған Баян-Өлгидің ұлт-аспаптар оркестрінің негізін қалаушы Қабыкей Ахмерұлының да еңбегін ерекше атап көрсеткен жөн болар деп топшылаймыз. Ұлт өнерінің жанашыры іспетті бұл тұлға композитор ретінде сол аймаққа ғана емес, қазақ жұртына да, қала берді әлемдік музыка зерттеушілеріне де кеңінен танылып, саналы ғұмырын өзі құрған оркестрдің болашағына арнап, 300-дей ән мен күйді оркестрге түсіріп, бабалар мұрасына, аталар аманатына адалдығын танытып-ақ кетті. Одан бөлек Мұсайф Құсайынұлы деген азаматтың да халық жадындағы, ел аузындағы рухани мұраларды жарыққа шығаруға қосқан үлесі қомақты. Түйіндей айтқанда, Қабыкей Ахмерұлы жинақтаған «Моңғолия қазақтарының халық әндері», «Моңғолия қазақтарының сыбызғы және домбыра күйлері» атты сүбелі еңбектерінің, Қалек Құмақайұлының «Сыбызғы сазы» жинағының сала мамандарына, жалпы ұлт қазынасына құштар қандастарға, ұлтжанды зияткер ұрпаққа берері көп-ақ.

Қытай қазақтарындағы халық мұрасы өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап тасқа басылып, ел арасына кең тарай бастады. Күні бүгінге дейін "Қоңырбадағы қоңыр әуен", "Ақындар айтысы", т.б. сияқты бірқанша құнды дүниелер, 1984 жылы осы ел астанасындағы ұлттар баспасынан "Қазақ халық әндерінің" екі томдық жинағы, одан бөлек "Ән салсаң Әсеттей сал", "Ән әуені", "Қазақ термелері", т.б. шығып, төл мұраларын төріне оздырғандар ел ықыласына, жұрт алғысына бөленді. Сондай-ақ бұл аймақтан домбырасын жанына серік еткен Бейсенбі Дөненбайұлы, Қожеке Назарұлы Әшім Дөншіұлы, сыбызғысымен ғасырлар қойнауынан сыр шерткен Қайрақбай Шәлекенұлы, Ақымжан Болдырғанұлы сынды сара саңлақтар, күй дүлдүлдері шыққанын да білеміз.

Осы тұста Иран қазақтары жайында да айта кетсек, мұндағы қандастардың дені сонау 1929-1933 зобалаң жылдарда Маңғыстаудан Түрікменстанға ауып, содан әрі Иранның солтүстік тұсындағы Гомишан қаласы мен Саллақ елді мекендеріне табан тірейді. Негізінен олар бұл мұсылман мемлекетінің Горган, Бәндәршах, Гүмбер-Қауыс, Бәндер-Түркімен қалаларында қоныс тепкен. Мұндағы қандастардың да бір ерекшелігі – қазақы дәстүрді қатаң сақтап, жастардың жеті атаға толмай қыз алысып, қыз беріспеуіне ерекше маңыз береді. Ұлттық ән-жырларды да ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, 1960 жылдары ауылнайлар орыстардан сайланғанға дейін ұлттық болмысын сақтап тұрыпты. Белгілі ғалым Ислам Жеменей Иран қазақтары турасындағы еңбегінде бұл елдегі бауырларымыздың 26 рудан құралатынын жеткізіпті.

Әсіресе, бұл ел қазақтарында ел аузындағы жырлар мен толғаулар жақсы сақталған деуге болады. Мәселен, ән мен күйге құмар халық:

«... Ауылға Сүгір-ай келді деп,

Ордасын талай сайлаған.

Ақ самаурын, сары құман,

Кең дастархан жайнаған.

Ағалар да енді аман бол,

Женгелерім де бар еді,

Ботадай көзі жайнаған...» [6], - деп басталатын «Сүгірдің елмен қоштасуын» әлі де әуенін бұзбай орындап, жастары да жатқа айтып келеді.

Жалпы Иран қазақтарындағы жекжаттық-жұрағаттық қатынастарда да қазақы қалып сақталған, тойбастар, беташар әндері де біздегімен салыстырғанда сәл бөлектеу. 1980 жылы Мәнсур Кияи жазып алған нұсқаларға көз тіксек:

«Жиналып халық құралсын,

Сөйле деп бізге ұйғарсын.

Бұл тойдың көркіін айтайын... [7], - деп басталатын тойбастар жырынан да, «Алла деп мен ашайын бетінді,

Ашылды келін бетің түріліп,

Түбі көрсем тұра алмай,

Асаукерді оранып,  
Халқың отыр асығып,

Кешіктің келін неғылып...» [8], - деп келетін беташар әнінің мәтіні де, мақамы да бөлек екенін, сазы да, сапасы да жоғары екенін бағамдау аса қиынға соқпайды. Бірақ Иран қазақтарының кейбір халық әуендерінде атамекенге деген сағыныш пен мұң басым, әрі парсы ырғақтарының да ықпал-әсері анық аңғарылып тұрады. Яғни Омар Қазақ, Зайыр Мектепұлы Кедей, Жарылқап Байбарақұлы, Нұрымшат Избасарұлы Кедей, Ырысбай Жаймағамбетұлы Қырықмылтық секілді ақындары бар Иран қазақтарының дәстүрлі музыкасын зерттеп-зерделеу де алдағы күндердің еншісінде деп білейік.

«Мәңгілік Ел» идеясының рухани іргетасы – халқымыздың сан ғасырдан бері қалыптасып келе жатқан рухани құндылықтары. Жас ұрпақ еліміздің сол әлі күнге толық игеріліп бітпеген тарихи негізді рухани құндылықтарын өндіре пайдаланып, келешектегі игі бастамалардың түпқағазы ретінде ұстана білуі қажет. Яғни таяу болашақта шетелдегі қандастарымыздың дәстүрлі музыкасы тереңдете зерттеліп, ұлт қазынасына қосылатыны күмәнсіз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Ысқақұлы Д. *Тіл эпопеясы немесе рухани жаңғырудағы қазақ тілінің тарихи миссиясы.* – А., 2020, 309 бет.
2. Нысанбаев Ә. *Еуразиялық интеграция жүйесіндегі қазақтардың бірегейленуі // Еуразиялық интеграция және қазақ диаспорасы.* – А., 2007. – 9-б.
3. Қалишабаева Б.К. *Орта Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу) автореферат,* А., 2010. – 29-33-б.
4. Сонда. 32-б.
5. Қалишабаева Б.К. *Қырғызстандағы қазақтардың отбасындағы этнографиялық ерекшеліктері // Еуразия тарихы: бастауы, жалғастылығы және келешегі. Халықаралық Бекмаханов оқуларының материалдары. 2003.2-22 мамыр.* – А., 2003. – 406-412-б.
6. Жеменей И. *Иран қазақтары.* – А., 2007. – 20 б.
7. Жеменей И. *Иран қазақтары.* – А., 2007. -44 б.
8. Жеменей И. *Иран қазақтары.* – А., 2007. -51 б.

#### *References:*

1. Iskakuly D. *language epic or historical mission of the Kazakh language in the modernization of public consciousness.* – А., 2020. – P.309.
2. Nysanbayev A. *identification of Kazakhs in the system of Eurasian integration // Eurasian integration and the Kazakh diaspora.* – А., 2007, p. 9.
3. Kalshabayeva B. K. *Kazakhs of Central Asia (historical and ethnographic research) abstract.* – А., 2010. – 29-33-P.
4. there. P. 32.
5. Kalshabayeva B. K. *ethnographic features of the Kazakh family in Kyrgyzstan // history of Eurasia: origins, continuity and prospects. Materials of the International Bekmakhanov readings. 2003.2-May 22.* – А., 2003. – 406-412-P.
6. Zhemenev I. *Kazakhs of Iran.* – А., 2007. – 20 p.
7. Zhemenev I. *Kazakhs of Iran.* – А., 2007. – there. 44 p.
8. Zhemenev I. *Kazakhs of Iran.* – А., 2007. – there. 51 p.